

"Астана Медицинал Университеті" АҚ

Түркі суффиизмінің ерекшеліктері

Орындаған: Кәрібай Н.

Топ: 212 ЖМ

Қабылдаған: Қолғанатова С



Жоспары

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 - Сопылықтың қалыптасу кезеңдері
 - Иасауи жолының түркі ислам сопылығындағы орны.
 - Түркі суффизмінің ерекшеліктері
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер




«Суффи́зм» сөзінің этимологиясы

- Суфа - дегеніміз арабша «тазалық» деген сөзден шыққан.
- Суффи́зм – дегеніміз ол алғашқы діндар адамдардың үстінде киіп жүретін киімдерінің аты.
- Суффи́зм сөзі батыстық ғалымдардың ойынша грек сөзі софия яғни даналық мағына береді.



□ Сопылық немесе тасаууф (араб.: تصوّف, *taṣawwuf*) - зуһд (аскетизм), жақсылықтармен әшекейлену, нәпсіні тазарту және рухтың дәрежесін көтеру. Тасаууф (араб. ”F~U – тазалық) – исламның қайнарынан бастау алатын рухани құндылық, ислам дінінің дүниетанымдық, ахлақтық-этикалық, адамның өзін-өзі тануы мен рухани адамгершіліктің кемелденуіне мүмкіндік беретін ілім. **Тасаууф ҒЫЛЫМЫ** — сопылықты ұстанатын адамдардың сенімдерінің жинағы және олардың оңаша халінде және жиындарда ұстанатын әдептері.



□ Сопылықты

станушыны *сопы* (араб.: صوفي, *суфий*) деп атайды. Ең бірінші сопы атаған алған куфиец Джабир ибн ХАйян 767 жылы аталған. Сопылар Сопылық философиясының негізі тікелей Құран мен Хз. Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) сүннеті деп таниды.



Суффизмнің 3 кезеңнен өтті.

- 1. Зухда VII-IX басы
- 2. Тассаввуфа IX-XI аяғы
- 3. Тарикаттар кезеңі XII-XIV



1. Зухд VII-IX басы тақуалар дәуірі

- Бұл дәуірде Сопылық қозғалыс философиялық, метафизиялық мәселелерді зерделеуден гөрі парасатты, көркем ахлақты адам болуды мақсат еткен практиклық мәндегі қозғалыс болатын.
- Өкілдері: Абу ад-Дарда, Абу зар ал-Ғифари, Абу Зар Ғифари



Тассаввуф IX-XI аяғы

- Сопылықтың екінші кезеңі Хасан ал-Басирден Имам Фазалиге (м. 1055 – 1111) дейінгі аралықты қамтиды. Бұл дәуірде Сопылық дегдарлық пен тақуалық сияқты практик. қозғалыс болумен қатар қалам, құқық және философия сияқты жалпы ислам ойлау жүйесіндегі бағыттарға параллель доктриналық деңгейге көтерілді. Хасан әл-Басридан басталған сопылық философия бірте-бірте қалыптасып, екі негізгі салаға: маламийя, исбатийя мектебі болып айрылды.
- Өкілдері: Бишр Хафи, Сарп Сақати, Әбу Хусайн Нури




3. Тарикаттар кезеңі XII-XIV

- Суффилік ағайындар, яғни Мұхаммед ғ.с тараған сахабалардың ізбазар шейхтері әр алуан тарикаттарға бірігуі. Оларды біріктіретін «Алла тағалаға сыйынуы».



Маламийа доктринасы

- Маламийа доктринасы (күрушысы Баязид Бистами (ө. ж. м. 874)) жалпы алғанда дәстүрлі түркілік дүниетанымдық негізде қалыптасып, дамыды. Адам психологиясының терең сырларын танып, меңгеруге сүйенетін сопылық дүниетанымның ұлы мұраты – парасаттылық (ах-лақ) философиясы болып табылады.
- **сакр** – адамның ашқ (қуатты махаббат) және уирд (зікір) арқылы фана (еркіндік) мақамына жету – мағынауи елту, ләззат алу;
сатр – адамның өзінің ибадаты мен амалдарын жасыруы;
уажд – адамның “өзін” жоғалтып, Хақты тауып – Аллаға қауышу.



□ Философиялық сопылық ағымының екіншісі – исбатийа, оның құрушысы Жунайд ал-Бағдади (ө. ж. м. 909) болып табылады.

Исбат – адамның ғибадаты мен тағатында адамдық санасының сақталуы, үнемі зікірде болу.




Түркілік сопылық дүниетанымының ерекшелігін түсіну үшін Иасауидің (1093-1166) хикметтеріне үңілу керек.

- 149 жыр
- 70 өзінікі
- 79 шәкірттері қосқан
- . Науайдің «Насаим-ул мухабба» атты еңбегінде Арыстан бапты Иасауидің ұстазы ретінде танытқан мәлімет бар




Иасауи хикметтерінде Арыстан Баптан кейін ең көп аты аталған әулие – Мансұр ал-Халлаж.


- Мұсылмандықты қабылдамағандарға уағыз айту үшін Үндістан мен Шығыс Түркістанға барады. Ислам мемлекетінің қиырларында Халлаж әскери киіммен Кашмирдегі үнділерді, Машындағы түріктерді ислам дініне шақырды. Бұл сапарында Қотан мен Турфанға дейін барды.
- Халлаж кармати идеясын уағыздады деген жаламен жауапқа тартылды.



□ Иасауидің алғашқы шәкірті атақты Арыстан Баптың ұлы Мансұр Ата (х.594/м.1197), екіншісі Сайид Ата Хорезми (х.615/м.1218); үшіншісі Сүлеймен Ата Бақырғани (х.582/м.1186). Иасауидің ең мәшһүр шәкірті Сүлеймен Бақырғани (Хаким Ата) екендігі жайында Кашифидың “Рашахат-ул айн-ил хайат” атты кітабында айтылады. Хаким Атаның “Бақырған кітабы”, «Ақырзаман кітабы» және “Мариям кітабы” сияқты мұралары Орта Азия мен Еділ, Орал аймағында кеңінен танымал. Оның мұраларындағы негізгі тақырыптар, сопылық-дәруіштік халдер, хикметті сөздер категориясы оның Иасауи дәстүрінің мирасшысы екендігін көрсетеді.



□ Қожа Ахмет Иасауи – XII ғасырда Мауараннаһр мен Түркістанда қалыптасқан “Иасауийа тариқаты” деп аталатын діни-сопылық мектептің құрушысы. Оның өмір сүрген кеңістігі мен уақыты түріктердің төрт ғасыр бойы исламмен танысып, кей тұстарда қауым-қауым болып ислам дініне кіре бастаған кезең екендігі тарихтан мәлім. Иасауиге дейінгі төрт ғасырдың нәтижесі ретінде алғашқыда Аббаси халифаты билігіне қарасты Тұлын (868-905), Саж (890-929), Ихшидилер (935-969) сияқты жартылай тәуелсіз түрік саяси биліктерінің артынан Еділ-Бұлғар хандығы (922 ж. ислам дініне кірген), Қарахан (Исламды 944/945 ж. қабылдаған) (840-1212) билігі, Ғазнауи (963-1186), Селжұқтар (1038-1194) және Хорезмшах (1092-1221) сияқты өте маңызды түрік-ислам мемлекеттерінің пайда болуларымен бірге тамыры тереңнен келе жатқан дәстүрлі түркілік дүниетанымдық мәдениет құндылықтарының исламдық өркениет қабаттарымен табиғи сұхбаты нәтижесінде жаңа түркі-ислам мәдениеті қалыптаса бастаған болатын.



□ Ислам өркениетінің материалдық-рухани тұрғыдан басқа мәдениеттерге қарағанда үстемдігі, ислам дінін қабылдаудағы түркілердің дәстүрлі дүниетанымындағы Көк Тәңірі сенімі, құрбан шалу ритуалдары, рухтың мәңгілігі, этикалық-моральдық түсініктеріндегі алып-ерендік, батырлық, әділет құндылықтарының ескі түрік төресіндегі орны, олардың жауынгерлік рухы сияқты құбылыстар мен ұғымдардың Иасауи іліміндегі тек Тәңірі, құрбан, рухтың өлімсіздігі, ақырет түсінігі, исламдағы жәуанмәрттік ахлақы, әділет, және ішкі жиһад ұғымына формалық жағынан ұқсас болатын. Түріктер мұсылман болған соң тарихын, салт-дәстүр, қысқасы, мәдениеттерін исламдық рухпен қайтадан қалыптастырды. Олар этникалық шығу тегін семидтердің дүниетанымына негіздеп, Нұх пайғамбардың ұлы Йафестің (Жаппас) тұқымына тірейді. Көптеген түрік отбасы өздерін Хз.Али, кейде пайғамбардың сахабалары (серіктері) арқылы Хз.Пайғамбарға «генетикалық» тұрғыдан байланыстырды. Бұл түсініктен де ескі түркілік дүниетанымындағы ұстындар, категорияларды көруге болады.



Қорытынды

- **Тасаууф ғылымы** — сопылықты ұстанатын адамдардың сенімдерінің жинағы және олардың оңаша халінде және жиындарда ұстанатын әдептері. Сопылық — дүниеден безуге, нәпсіні есептеуге, тәнге қатысы бар нәрселерден бет бұруға, нәпсіні тазалауға, Аллаһ тағалаға мағрифатқа немесе акикатқа иман келтіру арқылы қосылу (араб.: فناء — нирвана) дәрежесіне жетуге ұмтылысқа негізделген өмір салты. Сопылықты станушыны *сопы* (араб.: صوفي, *суфий*) деп атайды.
- Жалпы сопылықтың түркілер арасында таралуына өз үлесін қосқан тұлғалардың бірі Иассауи болып табылады. Оның біз көптеген деректерден және хикметтерінен білеміз. Түркі сопылығының ерекшеліктері:
 - Бұрыннан ұстанып келе жатқан дәстүрлермен түйісуі.
 - Көп ұлттардың арасында қысқа уақытта мұсылман дінінің қабылдануы.
 - Білім және ілімге көп көңіл бөлінуі.
 - Мұсылмандың әдептердің қазіргі таңға дейін сақталуы.



Пайдаланылған әдебиеттер

- “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998
- Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010
- Google.kz сайты
- Кішібеков С., Сыздықов Ұ. Философия. Оқулық. Алматы. 2000.
- Қысқаша философия тарихы – А.: 1999
- ХХІ ғ. Ұлттық философияның көкжиегі көріне ме? //Ақиқат, 1998, №11,
- Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы – А.: 1996
- Өмірәлиев Қ. VIII – XII ғ. Көне түрік әдеби ескерткіштері – А.: 1985
- Тұрғынбаев Ә.Х. Философия тарихы – А.: 2001



Назарларыңызға үлкен рахмет!